Сабақ тақырыбы:

# «Аяз би» ертегісі

*/ҚОРЫТЫНДЫ САБАҚ/*



5 - сынып

# Мақсат
# ы:

***Білімділік*** - «Аяз би» ертегісі бойынша алған білімдерін тексеру, қорытындылау;

***Дамытушылық*** – логикалық ойын дамыту, тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерге жетелеу, тіл байлығын жетілдіру;

***Тәрбиелік*** – адамгершілік, инабаттылыққа, үлкенді сыйлауға, сөз қадірін түсіне білуге тәрбиелеу.

**Сабақтың түрі:** қорытынды сабақ

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:**
ассоциация құру, араласқан жоспар, сұрақ-жауап.

**Көрнекілігі:** оқушылардың таным қабілеттерінің даму деңгейін анықтауға бағытталған тапсырмалар, интерактивті тақтада слайдтар.

Тарихи аңыздарға қарағанда, Аяз би Арал теңізі жағасында өмір сүрген. Оның тарихи адам екендігін Арал теңізінен 200 шақырымдай жерде табылған «Аяз» қаласының орны да дәлелдейді. Аңыздар бойынша Аяз әуелі ханға уәзір, кейін өзі хан болып ел басқарған. Аяз биге қатысты аңызда аталатын «Барсакелмес» деген жер Арал теңізінде орналасқан.

# *Бәйге*

**БІЛУ. Ұжымдық тапсырма (ауызша)**   5 минут

**«Бәйге» ойын стратегиясы.** /диалог/

(әр сұраққа 1 ұпай)

**1-топ:**

1.Ертеде кім деген хан болыпты?

2.Хан уәзірлеріне қандай тапсырма беріпті?

3.Хан оларды табуға қанша уақыт берді?

4.Тастың ішінде қандай неше құрт бар?

5.Уәлидің қызы кім?

6.Қыздың жасы нешеде?

7.Хан Жаманды қайда жұмсады?

8.Жаман не үшін «Аяз би» деп аталды?

2-топ:

1.Ханның неше уәзірі болыпты?

2.Хан Жаманға қандай тағам бергізді?

3.Жаманның жасы нешеде еді?

4.Жаман тұлпардың неге шатыс екенін айтты?

5.Қандай тастың қасиеті неше жылдан соң бітеді?

6.Ханның шешесі неше жаста?

7.Байлығы мен елдігі ханға парапар кім?

8.Қырық уәзір Жаманды неше күншілік жолға шығарып салды?

# ТҮСІНУ.

**(Топпен жұмыс). 5 минут**

## 1-топ.

*Шығарма мазмұнына сай құрылған жоспар тараулары араластырылып жіберіледі. Оқушылар жоспар тарауларын дұрыс орналастыру керек.* **(4 ұпай)**

1. Жаманның жақсы мен жаманды айыра білуі.
2. Жаманның сертке берік болуы.
3. Жаманның Барсакелмеске баруы.
4. Құстың, шөптің, адамның жаманын табуға ханның уәзірлерін жұмсауы.
5. Хан тағына отырған Жаман.
6. Ханның Жаманды уәзір етуі.
7. Меңдінің Жаманды таңдауы.
8. 40 уәзірдің хан мен Жаманды араздастыруы.
9. Хан сөзін шеше алмаған уәзірлердің Жаманға келуі.
10. Ханның Жаманды сағынуы.

# 2-топ.

*Берілген мақал-мәтелдерді жоспардың тарауларына сәйкестендіру.* **(4 ұпай)**

# ҚОЛДАНУ. Топтық жұмыс
# 10 минут (7 ұпай)

**1- топ.**

Нақыштап оқу, рөлмен оқу.

**1-диалог. Хан мен Жаман.**

1. Жаман тұлпарды қалай сынады?

2.Жаман Маданның наубайшының баласы екендігін қалай білді?

**2- топ.**

Нақыштап оқу, рөлмен оқу.

**2-диалог. Қойшы шал мен хан диалогы**

1.«Таудың басын қырау шалғаны мен етегін қырау шалғаны, тау басынан бұлақ аққалы  неше жыл болды» дегені не?
2.Жаман уәзірлерді қалай жазалады?

# Эссе

# «Менің ертегіден алған әсерім»

# Суретпен жұмыс

# Аяз би

- шынайы
- терең сырлы
- реалистік
- мөлдір
- таза
- шыншыл
- батыл ойлы
- романтикалық
- Нәзік ойлы
- шуақты
- өжет
- қуанышты
- қайғы-мұңды

# Іздену жұмыстары


Іздену жұмыстары
Географ
Лингвист
Биолог
Этнограф

# ТОПТАУ. Ұжымдық жұмыс. (жазбаша)

5 минут. 4 ұпай

**1-топ.**

*«Ай, Аяз, баймын деп аспа, ханмын деп таспа!» /ой толғау/*

**2-топ.**

*«Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал». /ой толғау/*

# «Аяз би» ертегісінен қандай тәрбие аламыз?

- Жақсы мен жаманды айыра білу
- әділдік
- адамгершілік
- тапқырлық
- шыншыл
- сертке беріктік
- кешірімділік

# Үйге тапсырма

*Аяз биге мінездеме жазу*

# Бағалау

| № | Оқушылардың аты-жөні | Ұпайлар | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Бәйге сұрақ 1 ұпай | Жоспар құру 5 ұпай | Рөлмен оқу 7 ұпай | Пысықтау сұрақтары немесе эссе жазу 10 ұпай | Ғылыми ізденіс 10 ұпай | Ой толғау 4 ұпай | Кластер әдісі 3 ұпай | Жалпы ұпай | Бағалау |
| 1 | | | | | | | | | | |
| 2 | | | | | | | | | | |
| 3 | | | | | | | | | | |
| 4 | | | | | | | | | | |
| 5 | | | | | | | | | | |
| 6 | | | | | | | | | | |
| 7 | | | | | | | | | | |

35 – 40 ұпай – «5»

25– 34 ұпай – «4»

10 – 24 ұпай – «3»

0 – 9 ұпай – «2»

# Сау болыңыздар!